3.1 кесте – Білік бөліктерінің параметрлерінің есептеу нәтижелері

Бөлік №	$d_i, \text{м}$	$I_i, \text{м}^4$	$Y_i, \text{м}$	$Y_{3i}, \text{м}^3$	$Y_{3i} - Y_{3i-1}, \text{м}^3$	$\frac{Y_i^3 - Y_{i-1}^3}{I_i}, \text{м}^{-1}$	$Y_{2i}, \text{м}^2$	$Y_{2i} - Y_{2i-1}, \text{м}^2$	$\frac{Y_i^2 - Y_{i-1}^2}{I_i}, \text{м}^{-2}$	Сол жақ бөлігі
1	$3,7 \cdot 10^{-2}$	$9,2 \cdot 10^{-8}$	$4,2 \cdot 10^{-2}$	$74,088 \cdot 10^{-6}$	$74 \cdot 10^{-6}$	$8,05 \cdot 10^2$	$17,6 \cdot 10^{-4}$	$17,6 \cdot 10^{-4}$	$1,92 \cdot 10^4$	
2	$4,1 \cdot 10^{-2}$	$14 \cdot 10^{-8}$	$11,3 \cdot 10^{-2}$	$1442,8 \cdot 10^{-6}$	$1368,81 \cdot 10^{-6}$	$97,77 \cdot 10^2$	$13,6 \cdot 10^{-4}$	$110,1 \cdot 10^{-4}$	$7,861 \cdot 10^4$	
3	$4,5 \cdot 10^{-2}$	$20,1 \cdot 10^{-8}$	$20,6 \cdot 10^{-2}$	$8741,8 \cdot 10^{-6}$	$7298,9 \cdot 10^{-6}$	$362,6 \cdot 10^2$	$424,3 \cdot 10^{-4}$	$314,3 \cdot 10^{-4}$	$15,61 \cdot 10^4$	


Бөлік №	$d_i, \text{м}$	$I_i, \text{м}^4$	$X_i, \text{м}$	$X_{3i}, \text{м}^3$	$X_{3i} - X_{3i-1}, \text{м}^3$	$\frac{X_i^3 - X_{i-1}^3}{I_i}, \text{м}^{-1}$	$S_b = \sum \frac{Y_i^3 - Y_{i-1}^3 - 1}{I_i} = 468,414$ $S_a = \sum \frac{X_i^3 - X_{i-1}^3 - 1}{I_i} = 327,408$ $S_0 = \sum \frac{Y_i^2 - Y_{i-1}^2 - 1}{I_i} = 25,4$	Оң жақ бөлігі
1	$3,7 \cdot 10^{-2}$	$9,2 \cdot 10^{-8}$	$3 \cdot 10^{-2}$	$27 \cdot 10^{-6}$	$27 \cdot 10^{-6}$	$2,935 \cdot 10^2$		
2	$4,1 \cdot 10^{-2}$	$14 \cdot 10^{-8}$	$9,2 \cdot 10^{-2}$	$778,7 \cdot 10^{-6}$	$751,688 \cdot 10^{-6}$	$53,692 \cdot 10^2$		
3	$4,5 \cdot 10^{-2}$	$20,1 \cdot 10^{-8}$	$18,4 \cdot 10^{-2}$	$6229,5 \cdot 10^{-6}$	$5450,816 \cdot 10^{-6}$	$270,781 \cdot 10^2$		

## 4 Өміртіршілік қауіпсіздігі

### 4.1 Жұмыс орындағы еңбек жағдайларына анализ жүргізу

Асинхронды қозғалтқыштар халық шаруашылығының барлық бағыттарында кең қолданыс тапты, соның ішінде электростанцияларында және басқада өндірістерде. Қазіргі кезде өндірісте және электростанцияларда синхрондық қозғалтқыштар және де одан да қуаттырақ асинхрондық қозғалтқыштар (2000 кВт және одан да көп) қолданысқа ене бастады, ал оларды қорғау үшін өте күрделі дифференциалдық тендеулер қолданылуда. Жауапкершілігі жағынан ерекше орын алып тұрған атомдық және үлкен жылулық электростанцияларда қолданылатын өзіндік қажетілігі бар электр қозғалтқыштық механизмдер. Өндірістерде тоқтамай жұмыс істеу мен өз қажеттілігімен жұмыс істеудегі ең маңыздысы электр қозғалтқыштардың өзін-өзі қосуы, бұл дегеніміз электр қозғалтқышты қоректендіруші кернеуінің желідегі мөлшері аз уақыт төмендегенде ол өшіп қалмайды және кернеу қалпына келгенде, бұрынғы айналу жиілігіне дейін жұмысын қалпына келтіреді.

Асинхронды қозғалтқышты қорғау оның өзін-өзі қосуын қамтамасыз етуі қажет, яғни ол кернеудің төмендеп және қайта қалпына келу барысында алдынала өшіп қалмауы қажет. Фазааралық ҚТ статор орамаларында үлкен ҚТ токтарымен бірге жүреді және электр қозғалтқыштың бұзылуына алып келеді. Сондықтан да электр қозғалтқыштың фазааралық зақымданудан релелік қорғаныс міндетті болып есептелінеді.



4.1 сурет – Асинхронды қозғалтқыштың жалпы құрылысы

*Электр қозғалтқыштарды артық жүктеуден қорғау.*

Электр қозғалтқыштардың асқын жүктеуі қосу мен өзін-өзі қосудың тым созылып кетуінен де болады және келтірілген механизмдердің артық жүктелуінен де болады. Электр қозғалтқыштарға тек тұрақты артық жүктелулер ғана зиян. Электр қозғалтқыштардың тогының өсуі бір фазаның үзілгендегідей болады. Электр қозғалтқыштың параметрлеріне байланысты номиналь жүктеме кезінде статор тогының фаза үзілген кездегі өсуі (1,6-2,5) Іном дейін болады. Бұл артық жүктелу тұрақты сипатта болады. Сондай-ақ электр қозғалтқыштың механикалық зақымдалуы немесе оның айналдыратын механизмі мен механизмнің артық жүктелуінен туатын артық токтар да тұрақты сипатта болады. Артық токтардың ең қауіпті жері: олардың кейбір бөлшектердің және бірінші кезекте ораманың температурасын көтеруі. Температураның көтерілуі оқшауланған ораманың тозуын тездетеді және қозғалтқыштың қызмет көрсету мерзімін азайтады. Электр қозғалтқыштың артық жүктелуі асқын ток пен төзімділік уақытының сипаттамасына байланысты:

$$t = T(a-1)/(k-1), \quad (4.1)$$


мұндағы  $t$  - артық жүктелудің мүмкіндік уақыты;

$T$  - қызудың тұрақты уақыты;

$a$  - электр қозғалтқыштың оқшаулау типіне қатысты коэффициент, периодтық және асқын токтың сипатына қарай (асинхронды электр қозғалтқыштарда орташа  $a = 1,3$ );

$k$  – асқын токтың еселенуі.

Асқын жүктеменің қызудың тұрақты уақытындағы сипаттамасы 4.2 суретте келтірілген.



4.2 сурет - Жүктеменің уақыт ұзақтығынан тәуелділік сипаттамасы

Фазааралық ҚТ-дан электр қозғалтқыштарды қорғау. Фаза аралық ҚТ-дан электр қозғалтқыштарды қорғау басты релелік қорғанысы болып, токкесер және дифференциал қорғаныстары ұсынылады, ал оны орнату барлық жағдайларда міндетті болып табылады. Қуаты 5000кВт-қа дейінгі электр қозғалтқыштардың релелік қорғанысы ретінде ҚТ-дан қорғаушы

болып ток кесер қорғанысы алынады, егер де оның сезімталдығы жеткіліксіз болса онда дифференциал қорғанысын орнатқан дұрыс деп есептеледі. Қуаты 3500-4000 кВт басталады, қозғалтқыштарға дифференциал қорғанысын қолданған тиімді болып саналады.

#### **4.2 Электр зарядтарының адамға әсері. Статикалық электрленуден қорғану шаралары**

Электростатикалық зарядтар, кейбір материалдардың, сұйық немесе қатты материалдардың беттерінде пайда болады, соның әсерінен электростатикалық өрісті жасайды. Электростатикалық зарядтар екі диэлектрлік материалдардың немесе диэлектрлік өткізгіштік материалдардың үйкелістен пайда болады, егер оның соңғысы жерге оқшауланған болса. Екі диэлектрлік материалды бөлген кезде, электр зарядтарының бөлінуі пайда болады. Өткізгіштік қабілеті үлкен диэлектрлік. Оң зарядталады, ал кішісі – теріс зарядталады.

Электрлік зарядтардың интенсивті пайда болуы, үйкелістің күшімен және жылдамдығымен анықталады. Күш пен жылдамдық көп болған сайын, электр зарядтары тез пайда бола бастайды. Мысалы, қатты материалдардың ұсақталуынан, үгітілуінен және транспортировкаларда пайда болады; диэлектрлік сұйықтықтарды цистерналармен тасымалдағанда, құйғанда (бензин, керосин, және т.б.).

Үйкелістен басқа статикалық зарядтардың пайда болуына электрлік индукция әсеріде тиеді, нәтижесінде жерден оқшауланған денелер, сыртқы электрлік өрісте электрлік зарядқа ие болады. Мысалы, жылы ауа-райында жерден оқшауланған металлдық заттарда, электр өрісінің әсерінен жоғарыкернеулі электржелілерінде және найзағайлық бұлттардан электрлік зарядтар пайда болады. Мониторлардың экрандарында электронды-шоғыр трубкасы арқылы оң зарядтар пайда болады. Оператор және дисплей арасындағы электростатикалық өрістің кернеулілігі, әдетте 5-15 кВ/м, ол нормадан аспауы керек, алайда теріс иондардың санын азайтады, экранды ластайды, сонымен қатар демалу органдарына және беттегі шаң бөлшектерін көбейтеді, терінің қышуына әкеліп соғады.

Электростатикалық өрістің адамға әсері, ол организм арқылы әлсіз тоқтың өтуімен байланысты. Ол кезде электрлік зақымдану болмайды.

Үлкен кернеулі электростатикалық өріс клеткалық дамуды тоқтатады, көз жанарының қарауытады. Электростатикалық өрістің әсері орталық нервтік жүйеге, жүрек – қан жолдарының жүйесіне, әсері өте жоғары. Адамдар бас ауруына, ұйқының бұзылуына және тәбеттің жоғалуына шағымдар жасап жатады.

Электростатикалық заряд кезіндегі ең көп қауіп, ұшқыннан өрт пайда болуы мүмкін. Кернеуі 3 кВ ұшқындық разряд булық және газуалық құрамдарды жандырады; 5 кВ – майлы шаңнан жанып кету қауіпі туындайды.

Мысалы, ауаалмастырғыштың көмегімен жұмыс зонасындағы диэлектрлік материалды шаңнан тазартқанда, газ шығаратын жерлерде электростатикалық зарядтар жиналады немесе шаң тозаң жиналады. Осындай кезде ұшқын пайда болатын болса өрт немесе жарылыс болуы мүмкін. Сонымен қатар, адам электростатикамен зақымдануы мүмкін. Оның нормалары төмендегі 4.1 кестеде көрсетілген.

4.1 кесте - Электростатикамен зақымдану әсерінің нормалары

Электр разряды, Кв	Электр разрядын сезіну нормалары
2,5-5,0	Разряд аздап сезіледі
5,0-7,0	Жеңіл зақым келеді
10,0	Ауыр зақым келеді
12,5-25,0	Жеңіл дененің тырысуы болады
35,0-40,0	Дене қатты тырысады

Егер тез жанып кететін сұйықтықтарды, құбырлармен өткізсе немесе цистернамен тасымалдаса оларда электростатикалық зарядтар жиналады, соның әсерінен ұшқын пайда болып, жанып кету қатеріне соқтырады.

Егер ЭСӨ 1 сағатта кез – келген берілген шектен шығатын болса оны келесі формуламен анықтаймыз:

$$E_{эсө} = \frac{60}{\sqrt{t}}, \quad (4.2)$$

мұндағы  $t$  – әсер ету уақыты, сағат.

Егерде ЭСӨ 20 кВ/м болатын болса өріс тарқалмайды.

Ал кернеулік диапазоны 20 дан 60 кВ/м болса, ЭСӨ бар жерде жұмысшы қорғау құралдарысыз жүре алмайды және келесідей формуламен анықталады :


$$t_{қос} = \left( \frac{60}{E_{өлш}} \right)^2 = \left( \frac{60}{20} \right)^2 = 9 \text{ сағ.}, \quad (4.3)$$

мұндағы  $E_{өлш}$  – ЭСӨ кернеулігінің өлшенген мәні, кВ/м.

### 4.3 Асинхронды қозғалтқыш қондырғыны қорғаныстық жерге қосу

Электр тогының зақымдануынан қорғау үшін ЭЕ сәйкес қорғаныстық жерге тұйықтауды орнату қажет. Жерге тұйықтауға кернеу астында болуы мүмкін қондырғылар мен құрылғылардың барлық механикалық емес өткізгіш бөліктері, оның ішінде электр қозғалтқыштардың, трансформаторлардың, генераторлардың, электр аспабының корпусары, электр құрылғыларының металл қоршаулары жатады. Жерге тұйықтау деп электрқондырғының ток өткізбейтін бөліктерінің жерге тұйықтау құрылғысымен металл қосылысы деп аталады. Жерге тұйықтау құрылғысы жерге тұйықтау және жерге

тұйықтау өткізгіштерден тұрады. Жерге тұйықтағыш металл өткізгіш немесе топыраққа орналастырылған өткізгіштер тобы болып табылады, ал электр қондырғының жерге тұйықталатын бөліктерін бір немесе бір-бірімен қосылған жерге тұйықтағыштар тобымен қосатын сымдар жерге тұйықтағыш болып табылады. Қорғаныстық жерге тұйықтау құрылғысы кезіндегі жұмыс қауіпсіздігіне ол электр қондырғыларын жерге қосудың аз кедергісін жасайды, ал параллель жалғану кезінде адамның тізбекке қосылуы жерге тұйықтау болмайды. ТЭҚ72 тартқыш қозғалтқыштарды қорғаныстық жерге тұйықтау есебін қарастырайық. Қондырғының сипаттамасы. қозғалтқыштарды кептіруге арналған қондырғы тартқыш қозғалтқыштардың бөлшектерін локомотивпен оқшаулай отырып, ауамен қыздырылған ылғалды жоюға арналған. Электровозды депоға енгізу кезінде қозғалтқыштар қызған кезде немесе қозғалтқышты оқшаулау кедергісі төмендегенде, негізінен қысқы кезеңде қондырғы жұмыс істейді. Қондырғы калориферден, басқару шкафынан, тарту қозғалтқыштарын кептіру жүргізілетін жөндеу тіреулеріне ауа өткізгіштерден тұрады. 3000в контактілі сымға калориферді қосу арқылы орындалған, А типі 472.01.00; тұрақты ток. Калорифер мен шкаф екі аралас арықтар арасында орнатылады. Дәнекерленген конструкцияның калорифері 3 бөліктен тұрады: - оған орнатылған желдеткіш және электр қозғалтқышы бар төбелер; - жылыту элементтері орналасқан орта бөлік; - реттегіш жапқышы бар төменгі бөлігі. Ауаны желдеткішпен жылыту элементтері бар және ауыстырып қосқыш жапқыштары бар жәшіктер арқылы айдайды және локомотивтің тартқыш қозғалтқыштарына Ауа құбыры арқылы жіберіледі.



4.3 сурет - Асинхронды қозғалтқышты қорғаныстық жерге тұйықталуы



Қыздыру элементтерін қарау үшін калорифердің ортаңғы бөлігінде қақпақтар бар. Калорифердің ішінде ауа ағынының жылдамдығын бақылау үшін ағынды реле және электроконтактті термометр датчигі орнатылған (калориферден шығу кезінде жылытылған ауаны бақылау). Жұқа қабатты болаттан жасалған дәнекерленген конструкцияны Басқару шкафының алдында есік пен аспап панелі бар. Панельде вольтметр, амперметр пакеттік ажыратқыштар және ауыстырып қосқыш, сигналдық шамдар, басқару кнопоклары орналасқан. Шкафтың ішінде электрпневматикалық контакторлар, сақтандырғыштар, магнитті іске қосқыштар, рубильник, уақыт релесі, аралық реле, ток және кернеу трансформаторлары, селен түзеткіш, соңғы ажыратқыш монтаждalған. Ауа ағынының бірқалыпты қысымы келтеқұбырлардан шығуда ауа өткізгіштің тармақталуында орнатылған арнайы жапқыштарды реттейді. 3000в байланыс сымынан калориферлік қондырғыға кернеу МР дінгекті айырғыш, ПК1 және ПК2 жоғары вольтты сақтандырғыштар, КВЦ контакторы және МК1-МК4 топтық контакторлар арқылы беріледі. Токтың үлкен шамасының салдарынан сақтандырғыштар мен контакторлар екі параллель қосылған. РЛНД1а-35/600 типті мачталық айырғыш ПРН-220м типті Қол жетегі бар байланыс желісінің тірегінде депо сыртында орнатылады.

#### 4.4 Өрт қауіпсіздігі

##### *Автоматты өртті сөндіру жүйесін жобалау*

Өрт деп – адамның өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке зиян тигізетін, қоршаған ортаға үлкен зақым келтіретін, қоршаған ортадағы заттардан өрт шығуы

Өрт салдары зақымдаушы факторларының әрекеттеріне байланысты болады. Оларға:

- жанғыш заттардың отқа тікелей әсері;
- сәулелердің есебінен жоғары температуралы заттар мен объектілерге қашықтықтық әсері;
- жану зонасында иісті газбен улану;
- жану кезіндегі токсинді өнімдерден улану;
- құрылыстардың конструктивті бөліктерінің бұзылып құлауынан адамдардың жарақат алуы немесе қаза болуы.

Өрттің алдын алу шаралары

- құрылыстық-жобалау;
- техникалық;
- ұйымдастырушылық;

Құрылыстық жобалау шаралары, ғимараттар мен құрылыстардың отқа төзімділігі анықталады (конструкция материалдары жанғыш, қиын жанатын, жанбайтын болып бөлінеді). Отқа төзімділіктің шегі дегеніміз – бұл өрттің әсерінен құрылыс\_конструкциялардың бірінші сызаты пайда болғанға дейінгі төзетін уақыт интервалы болып табылады. Барлық құрылыс

конструкциялары өртке төзімділік шегі бойынша 8 деңгейге бөлінеді. Ғимараттардың отқа төзімділік деңгейіне байланысты өрт кезінде эвакуациялау үшін шығатын жерлерге дейінгі қашықтықтар белгіленеді.

Техникалық шаралары:

- өмірге қажетті жүйелерді (жылу, жарықтандыру, вентиляция т.б.) орнатқан кездерде өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау;

- құрал-жабдықтар жұмысының тәртібі мен технологиялық процестер параметрлерін сақтау;

- әртүрлі қорғану жүйелерін пайдалану.

Ұйымдастырушылық шаралар - құрамына өрт қауіпсіздігі бойынша оқу жатығуларды өткізу, өрт қауіпсіздік шараларының сақталуын тексеру жатады.

Автоматты түрде өртті сөндіру жүйесін есептегенде, ең алдымен, автоматты өртті сөндіру құрылғыларын орналастыру мен су жүретін құбыр торабының орналастыруын СН-75-76 « Автоматты өрт сөндіру құрылғыларын жобалаудағы талаптарға» сәйкес болуы қажет.

4.2 кесте - Ғимаратты жылжымалы өрт сөндіргіштермен жабдықтау нормалары

Ғимарат категориясы	Қажетті қорғалатын аудан м <sup>2</sup>	А өрт класы	Өрт, көбік, өрт сөндіргіш сыйымдылығы, л	Хладонды өрт сөндіргіш, л
			10	2(3)
А, Б, В жанғыш сұйық және газ	200	А	2 ++	—
		В	4 +	4 +
		С	—	4 +
		Д	—	—
		(Е)	—	—
В	400	А	А	2 ++
		Д	Д	—
		(Е)	(Е)	—
Г	800	В	В	—
		С	С	—
Г,Д	1800	А	—	—
		Д	—	2 +
		(Е)	—	2 +
Орталық ғимарат	800	А	4 ++	—
		(Е)	—	4 +

*Ескертулер:* 1. Әр түрлі кластағы өрттерді сөндіру үшін ұнтақты өрт сөндіргіштер тиісті зарядтарға ие болуы тиіс: А сыныбы үшін — АВС(Е) ұнтағы; В, С және (Е) сыныптары үшін — ВС(Е) немесе АВС(Е) және D сыныбы үшін — D. 2. Ұнтақты өрт сөндіргіштер мен көмірқышқыл өрт сөндіргіштері үшін қос таңба келтірілген: корпустың сыйымдылығы

бойынша ескі таңба, өрт сөндіргіш құрамның салмағы бойынша л/ жаңа таңба, кг. ғимараттардың ұнтақты және көмірқышқыл өрт сөндіргіштермен жарактандырғанда ескі және жаңа таңбасы бар өрт сөндіргіштерді пайдалануға рұқсат етіледі. 3. "++" Белгісімен объектілерді жарактандыруға ұсынылатын өрт сөндіргіштер, " + " белгісімен — қолдануға ұсынылған және тиісті негіздеме болмаған кезде рұқсат етілетін өрт сөндіргіштер," - " белгісімен — осы объектілерді жарактандыруға жіберілмейтін өрт сөндіргіштер белгіленген. 4. Көлемі 50 м<sup>3</sup> аспайтын тұйық ғимараттарда тасымалданатын өрт сөндіргіштердің орнына өртті сөндіру үшін немесе оларға қосымша өздігінен өндірілетін ұнтақты өрт сөндіргіштер пайдаланылуы мүмкін.

#### 4.5 Электр қозғалтқыштың шу деңгейін бағалау және есептеу

Шу деп адамға жаман әсер тигізетін қатты дыбыс толқыны. Негізі шу ол әр түрлі жиіліктегі және интенсивтілігінің қосындысы түрінде болады. Дыбыстық шу толқын қысымымен  $p$  (Па), жылдамдықпен  $v$  (м/с), интенсивтілігімен  $I$  (Вт/м<sup>2</sup>) және жиілікпен  $f$  (Гц) сипатталады. Дыбыстық толқындар кезінде ауада төмендетілген және жоғарланған қысымды жерлер бар. Осы жерлерді дыбыстық қысым анықтайды. Дыбыстық қысым деп үлкен толық қысымның орта қысымның айырымына тең.

Дыбыстық толқын ауада таралғанда энергия тасымалданады. Осы энергия мөлшерін интенсивті дыбыс анықтайды. Шу көрсеткішіне біз дыбыстық қуат  $P$  жатады, жалпы дыбыстық энергияның өлшемімен анықталады. Бұл энергия мөлшері шу шығарып тұрған көздерінен анықтаймыз.

Адамның дыбысты есту қабілеті 20-20000 Гц дейін, бірақта негізгі есту интервалы 45-10000 Гц дейін. Адамның дыбысты қабылдауы дыбыстың жиілігімен, интенсивтілігімен және дыбыс қысымына тәуелді. Ең аз интенсивтілік  $I_0$  және дыбыс қысымын  $P_0$  адам қабылдай алатын мәндерді – есту аралығы деп аталады. Аралықты  $P_0$  және  $I_0$  дыбыс жиілігіне байланысты. Мысалы: 1000 Гц жиілігінде дыбыстық қысым  $P_0=2 \cdot 10^3$  Па,  $I_0=10$  Вт/м<sup>2</sup>. Осы мәндер кезінде адамның есту қабілеті және мүшелеріне орта қауіп тигізеді.

Адамның есту мүшелері 10 есе аз дыбыс қабылдайды, осы себеппен децибел (дБ) 0,1 Бел деп аламыз.

Әр түрлі шу көздерінің дыбыстық қысымын 4.2-ші кесте арқылы байқауға болады. Осы кестеге сәйкес мысал ретінде турбогенератор дыбыс қысымын 100 Гц шығарады бұл дыбыс адамның есту қабілетін нашарлатады.

Акустикалық жұмыс орны деп жұмысшының орналасқан дыбыс ауданын айтады. Көбінесе жұмыс орны қондырғының жұмысшы жүйелерінің басқару пульттерінен 0,5 м қашықтықта және еденнен 1,5 м биіктіктегі дыбыс ауданының зонасынан анықталады.

#### 4.3 кесте – Дыбыстық қысым

Шу көздері	Дыбыстық қысым Па	Шу интенсивтілігі, дБ
0,3 мм қашықтықтағы сыбыр шу	$2 \cdot 10^{-3}$	40
Адамның сөйлеу сөздері	$2 \cdot 10^{-2} - 2 \cdot 10^{-1}$	60-74
Өңдеу станоктары	2	80-100
1м қашықтағы пневмопрессорлар	20	120
Электрқозғалтқыштар	200 жоғары	140 жоғары

Шуды есептеу келесі тізбектілікте ауықталады:

- шуды көп шығаратын қондырғы таңдалып, жұмыс орнындағы шу спекторлары анықталады;
- жұмысшының шудың әрекетіне түсетін уақыты анықталады;
- өлшенген шу шамаларының деңгейін санитарлық нормалар бойынша белгіленген шектік спектр шамаларымен салыстырылады.

Жұмыс орындарындағы шу деңгейінің акустикалық есептеуін мына түрде есептеуге болады.

Егер де бірдей шу шығаратын  $n$  көздері, ал дыбыс интенсивтілігінің деңгейі бір көздің  $L_1$  берілсе, онда шудың есептік шамасын келесі формуламен анықталынады:

$$L_{\text{сум}} = L_1 + 10 \cdot \lg n, \quad (4.4)$$

$n$  мәндері 1;2;3;4;5;6;8;10;20;30 және 100 тең болса,  $10 \cdot \lg n$  мәні сәйкесінше 0; 3;5;6;7;8;9;10;13;15;20 мәндерін қабылдайды.

Екі түрлі  $L_1$  және  $L_2$  шу көздерінің есептік шу деңгейі мына формула бойынша анықталынады:

$$L_{\text{сум}} = L_1 + \Delta L, \quad (4.5)$$

мұндағы  $L_1$  – шу деңгейінің жоғарғы мәні, дБ;

Шу көздерінің деңгейінің айырымы мына формуламен анықталады:

$$\Delta L = L_1 - L_2, \quad (4.6)$$

$L_1 - L_2$ , дБ шамаларының айырымы 1;2;3;4;6;7;8;9;10; мәндеріне  $\Delta L$ , дБ шамасының 3;2,2;1,7;1,6;1,5;1,0;0,8;0,6;0,5;0,4 шамалары сәйкес келеді.

Интенсивті шудың мөлшерін анықтау үшін берілген электр қозғалтқыштардың шу деңгейілерінің мәндері бойынша есеп жүргіземіз.

Асинхронды қозғалтқыштың шу деңгейлерінің сан мәндері 93, 89, 84 дБ болады.

Ең алдымен біз бірінші деңгей айырымын мына түрде есептейміз:

2000 жылы шығарылған СБШ-250МН қозғалтқышы:  $93 - 76 = 17$  дБ;

2004 жылы шығарылған СБШ-250МН қозғалтқышы:  $89 - 76 = 13$  дБ;

2007 жылы шығарылған СБШ-250МН қозғалтқышы:  $84 - 76 = 8$  дБ;  
бұған сәйкесінше:

$$\Delta L_1 = L_1 - L_2 = 3 - 1 = 1,5 \text{ дБ},$$

яғни,

$$L_{\text{сум1}} = 93 + 1,5 = 94,5 \text{ дБ}.$$

Енді келесі деңгейлер айырымын анықтаймыз:

$$\begin{aligned} \Delta L_2 &= L_{\text{сум1}} - L_3, \\ \Delta L_2 &= 89 - 76 = 22, \\ \Delta L_2 &= 0,5 \text{ дБ}; \\ L_{\text{сум2}} &= 94,5 + 0,5 = 95 \text{ дБ}. \end{aligned}$$

Осы тәртіппен келесі деңгейлер айырымын анықтаймыз:

$$\begin{aligned} \Delta L_3 &= L_{\text{сум2}} - L_4, \\ \Delta L_3 &= 94,5 - 76 = 18,5 \text{ дБ}; \\ \Delta L_3 &= 1 \text{ дБ}; \\ L_{\text{сум3}} &= L_{\text{сум2}} + \Delta L_3; \\ L_{\text{сум3}} &= 94,5 + 1 = 95,5 \text{ дБ}. \end{aligned}$$

Ашық кеңістікте сфералық толқын таралуы кезінде дыбыс интенсивтілігінің азаюы дыбыс шығаратын көзіне дейінгі қашықтықтың квадратына пропорционал.

$I_1$  дыбыс интенсивтілігі, дыбыс шығаратын көздерінен  $r_1$ ,  $r_2$  қашықтары мен  $I_2$  дыбыс интенсивтілігінің мәндері біле отырып мына формула арқылы есептеуге болады:

$$I_2 = I_1 (r_1 / r_2)^2. \quad (4.7)$$

Дыбыс интенсивтілігінің деңгейін ескере отырып келесі теңдікті алуға болады:

$$L_2 = L_1 - 20 \lg r_1 / r_2. \quad (4.8)$$

Мысалы, егер  $L_1 = 80$  дБ,  $r_1 = 2$  м,  $r_2 = 4$  м, онда:

$$\begin{aligned} L_2 &= 80 - 20 \lg 4/2 = 74 \text{ дБ}; \\ L_3 &= 74 - 20 \lg 4/2 = 62 \text{ дБ}; \\ L_4 &= 80 - 20 \lg 4/2 = 73,4 \text{ дБ}. \end{aligned}$$

Ал енді электр жетегінің шығаратын толық интенсивті шудың мәнін (4.17) формуласына сан мәндерін қою арқылы табамыз:

$$L=10 \cdot \lg (10^{L_1/10} + 10^{L_2/10} + \dots + 10^{L_n/10}), \quad (4.9)$$

мұндағы  $L_1, L_2, \dots, L_n$  - әрбір дыбыс шығаратын көздерінің есептік нүктедегі дыбыс қысымының деңгейі немесе интенсивтілік деңгейлері.

$$L=10 \cdot \lg (10^{80/10} + 10^{74/10} + 10^{16,2/10} + 10^{17,34/10}) = 87,3 \text{ дБ.}$$

Қорыта келе жобалау кезінде асинхронды қозғалтқыш 87,3 дБ мөлшерінде шу шығарады.

Қазіргі кезде шуға қарсы көптеген шаралар қолдануда. Шуды азайту үшін келесі шаралар қолданылады:

- машина конструкциясын түйіндерді дәлдікпен өндіру арқылы дыбыс деңгейін азайту;

- қондырғылар құрылысы мен технологиялық процестерді жетілдіру арқылы механикалық шуды азайту;

- кәсіпорындар мен цехтарды рационалды түрде жоспарлау;

- шудың бағытын жұмыс орнына немесе тұрғын үйлерге қарама-қарсы бағыттау;

- шудың таралу бағытына қарай дыбысизоляциялаушы қоршаулар орнату арқылы дыбысты азайту;

- арнайы глушителдер, дыбыс оқшауламалары, акустикалық қондырғылар қолдану арқылы дыбысты азайту.

4.3 - кестеде шуға қарсы қолданылатын жабдықтар көрсетілген.

4.3 кесте - Шуға қарсы жабдықтар

Шуға қарсы жабдықтар	Шуға қарсы эффективтілігі, дБ							Мінезде - месі	Масса, кг
	Орташа геометриялық жиілік, Гц								
	12	250	50	100	2000	4000	8000		
1	5		0	0					
	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Құлақ Қақпалар: ВЦНИИО-1	3	4	7	13	23	36	33	110 дБ дейін	0,12
ВЦНИИО-2М	7	11	14	22	35	45	38	120 дБ дейін	0,18
ВЦНИИО-4А	4	2	5	16	25	36	28	110 дБ дейін	0,17
ВЦНИИО-А1	10	14	16	17	36	36	34	115 дБ дейін	0,175

#### 4.3 кестенің соңы

ВЦНИИО-7И	10	16	18	22	36	40	32	115 дБ дейін	0,28
ПШ-00	4	8	10	15	20	20	27	Жоғары жиілікті шуға	0,18
Шуға қарсы каска ВЦНИИО-2	7	11	14	22	35	45	38	120 дБ дейін	0,60

Арнайы шуға қарсы жеке қорғаныстар. Арнайы қорғағыштар дыбыс қысымының деңгейін 10-45дБ дейін төмендетеді.

Жұмысым асинхронды қозғалтқыш болғандықтан еңбек қауіпсіздігіне байланысты келесі жағдайларды қарастырдым.

- электр қозғалтқыштың артық жүктелуі бойынша түсініктеме жасадым. Яғни қозғалтқыштың артық жүктелуі асқын ток пен төзімділік уақытының сипаттамасына байланысты болды;

- электростатикалық зарядтардың адам өміріне қауіпі бойынша.

Бұл жағдайда электр зарядтар кейбір материалдардың, сұйық немесе қатты материалдардың беттерінде пайда болады, соның әсерінен электростатикалық өрісті жасайды;

- ғимараттағы өрт қауіпсіздігі;

- өндірісте қозғалтқыштарды ережеге сай жерге қорғаныс тұйықтау;

- электр қозғалтқыштың шу деңгейін бағалау және есептеу. Шу деңгейін анықтап шуға қарсы қолдану жабдықтарын талдадым.

## 5. Экономикалық бөлім

Нарықтағы баға тауарға сұраныс пен ұсыныс арқылы қалыптасады. Маркетингтік зерттеу деректері бойынша электр техникалық өнімге бағаның ауытқуы елеусіз, сондықтан сатып алушыны қызықтыратын негізгісі - өнім сапасы және оның өнімділігі. Бірінші жағынан, олар прогрессивті технологиялық процестерді және жоғары өнімді автоматтандырылған жабдықтарды қолдану және материалдарды үнемдеу арқылы еңбек өнімділігінің өсуін қамтамасыз ету кезінде асинхронды қозғалтқыштардың өндірісін кеңейту қажеттілігімен байланысты.

Қысқаша тұйықталған роторлы синхронды қозғалтқышты есептеуді іске асыру үшін негізгі өндірістік қорлар, еңбек ресурстары және қаржылық қажеттіліктер көлемін анықтау қажет.

Синхронды қозғалтқыштардың тиімді жұмыс істеуіне келесі көрсеткіштер әсер етеді:

- ПӘК;

- Қозғалтқыштың қуаты;

- және т.б. көрсеткіштер.

### 5.1 Капиталдық салымдар мен материалдық шығындарды есептеу (Базалық нұсқа)

Техникалық-экономикалық көрсеткіштерді есептеу екі асинхронды қозғалтқыштардың техникалық деректерін салыстырмалы талдау негізінде жүзеге асырылады. Техникалық пайымдаулар бойынша 4A200L2Y3 базалық типті және 4A200M2Y3 есептік типті қысқа тұйықталған роторы бар асинхронды электрқозғалтқышы қабылданды.

Жобалау мен құрылысқа арналған капиталдық салымдар бірнеше құрамдас бөліктерді қамтиды: жабдықтардың, монтаждық жұмыстар мен көліктік қызметтердің құны. Бұдан басқа ғимаратты, нысандарды және т. б. салуға арналған шығындар есепке алынады.

Салыстырмалы жүйелердің электр қозғалтқыштардың техникалық көрсеткіштері 5.1 кестесінде келтірілген.

5.1 кесте - Электр қозғалтқыштардың техникалық көрсеткіштері

Параметрлері	Базалық нұсқа	Есептік нұсқа
Қозғалтқыш типі	4A200L2Y3	4A200M2Y3
Қуаты, кВт	47	40
П.Ә.К., %	93	92
Айналу жиілігі, айн/мин	3000	3000
Бағасы	320 250	285 460

5.2 – кесте Капиталдық салымдарды есептеу

Қолданылатын құралдардың атауы:	Бір тауарға кететін баға, тг	Монтаждық және іске қосу салымдары, тг	Тасымалдауға Кететін шығын, тг	Құрылыс жұмыстарының капиталдық салымдары
1. Электр қозғалтқыш	320 250	38 430	7 173,6	3 843
2. Статордың болатына арналған материалдар	45 000	5 400	1 008	540
3. Ротордың болатына арналған материалдар	35 235	4 228,2	789,264	422,82



5.2 кестенің соңы

4. Ротордың білігіне керекті материалдар	6 760	811,2	5 571,2	81,12
5. Станина мен подшипникті қалқандарға арналған материалдар:	35 700	4 284	799,68	428,4
6. Конструкциялық материалдар	7 050	846	157,92	84,6
7. Ротордың тұйықталған сақиналарына арналған материалдар:	7 400	888	165,76	88,8
Барлығы	457 395	54 887,4	15 665,424	5 488,74

Капиталдық салымдардың жалпы сомасы келесі формула бойынша есептелінеді:

$$K_{\text{жалпы}} = K_{\text{қ.ж}} + K_{\text{ж.с}} + K_{\text{м}} + K_{\text{б.с}}; \quad (5.1)$$

мұндағы:  $K_{\text{ж.с}}$  – жабдықты сатып алуға жұмсалатын капиталдық салымдар;

$K_{\text{қ.ж}}$  – құрылыс жұмыстарының капиталдық салымдары;

$K_{\text{м}}$  – монтаждық және іске қосу-жөндеу жұмыстарының капиталдық салымдары;

$K_{\text{б.с}}$  – басқа капиталдық салымдар (ең алдымен, тасымалдауға кеткен шығындарды құрайды).

Қозғалтқыштың сатып алу құны:  $K_{\text{ж.с}} = 320\,250$  тг;

Монтаждық және іске қосу-жөндеу жұмыстарының құны базалық нұсқа үшін сатып алу құнының 12% мөлшерінде қабылданады.

$$K_{\text{м}} = 0,12 \cdot K_{\text{ж.с}} = 0,12 \cdot 320\,250 = 38\,430 \text{ тг}; \quad (5.2)$$

Тасымалдауға кететін шығын:

Тасымалдауға кететін шығын электр қозғалтқыш құнының және базалық нұсқа үшін монтаждау жұмыстарының құнының 2% - ын құрайды:

$$K_{\text{б.с}} = 0,02 \cdot (K_{\text{ж.с}} + K_{\text{м}}) = 0,02 \cdot (320\,250 + 38\,430) = 7\,173,6 \text{ тг}; \quad (5.3)$$

Монтаждық ұйымның құрылыс жұмыстарының капиталдық салымдары базалық нұсқа үшін монтаждық жұмыстар құнының 10% - ын құрайды:

$$K_{к.ж.} = 0,1 \cdot 38\,430 = 3\,843 \text{ тг}; \quad (5.4)$$

$$K_{жалпы} = 457\,395 + 54\,887,4 + 15\,665,424 + 5\,488,74 = 533\,436,564 \text{ теңге.}$$

Эксплуатационды шығындар келесідей есептелінеді:

$$И = И_a + И_э + И_{ж.ж} + И_{е.а} + И_{б.ш} + И_{б.э.с}; \quad (5.5)$$

мұндағы:  $И_a$  - амортизациалық аударымдар (сала үшін амортизациялық аударымдар нормасы 5-10%);

$И_э$  – өндірістік қажеттіліктер үшін электр энергиясы шығындарының құны;

$И_{ж.ж}$  – электр құрылғыларының жөндеу жұмыстарының құны;

$И_{е.а}$  - жалпы еңбекақы төлеу қоры;

$И_{б.ш}$  – басқа эксплуатациялық шығындар

$И_{б.э.с}$  – зейнетақы жарнасын жинақтаушы зейнетақы қорына аудару арасындағы айырмасының 9,5% құрайтын бірыңғай әлеуметтік салық.

Амортизациялық аударымды  $И_a$  келесі формула бойынша табылады:

$$И_a = \frac{Н \cdot \Phi}{100} = \frac{320\,250 \cdot 9,5}{100} = 30\,423,75 \text{ тг.} \quad (5.6)$$

мұндағы:  $Н$  – орташа жылдық норма амортизациясы (9,5%);

$\Phi$  – қондырғының бастапқы бағасы, (320 250 тг).

$И_э$  электр энергиясының шығынының құны мына формуламен анықталады:

$$И_э = \Delta A \cdot W; \quad (5.7)$$

мұнда:  $\Delta A$  – электр энергиясының жылдық шығыны;

$W$  – 1 кВт/сағ энергия тарифы – 17,81 тг;

Жылдық шығын келесі формула бойынша анықталады:

$$\Delta A = P_2 \cdot \frac{1 - \eta}{\eta} \cdot K_{ж} \cdot T = 47 \cdot \frac{1 - 0,93}{0,93} \cdot 0,8 \cdot 5000 = 14\,150,537 \frac{\text{кВт}}{\text{сағ}}; \quad (5.8)$$

мұнда:  $P_2$  – электр қозғалтқышының номиналды қуаты – 47 кВт;

$\eta$  – электр қозғалтқышының П.Ә.К – 0,93;

$K_{ж}$  – қуат бойынша жүктеме коэффициенті – 0,8;

$T$  – қолданыстағы қор жұмыс уақыты – 5000 сағ.

$$И_э = 14\,150,537 \cdot 17,81 = 252\,021,064 \text{ тг.}$$

Қызмет көрсетуші қызметкерлердің еңбекақысы және әлеуметтік салықтарды төлеу.

Қызметкерлердің негізгі еңбек ақысы:  $I_{e.a} = 125\ 000$ ;

Зейнетақы қорына бөлінгеннен кейінгі еңбек ақы:

$$I_{з.қ.б} = I_{e.a} - 10\% \cdot I_{e.a} = 125\ 000 - 10\% \cdot 125\ 000 = 112\ 500 \text{ тг.} \quad (5.9)$$

Әлеуметтік салыққа бөлінген:

$$I_{б.э.с} = 9,5\% \cdot I_{з.қ.б} = 9,5\% \cdot 112\ 500 = 10\ 657,5 \text{ тг.} \quad (5.10)$$

Электр жабдықтарын жөндеуге арналған шығындар, қосалқы бөлшектер құны:

$$I_{қ} = 10\ 000 \text{ тг.} \quad (5.11)$$

$I_{ж.ж}$  электр құрылғыларын жөндеу жұмыстар құны.

Электр құрылғыларының жөндеу жұмыстарының құны  $I_{ж.ж}$  қызмет көрсететін персоналдың еңбек ақысына, әлеуметтік қорларға аударымдарға байланысты:

$$\begin{aligned} I_{ж.ж} &= I_{e.a} + I_{б.э.с} + I_{т.д} = 112\ 500 + 10\ 687,5 + 106,8 \\ &= 123\ 294,3 \text{ тг.} \end{aligned} \quad (5.12)$$

мұнда:  $I_{e.a}$  – қызметкерлердің жылдық негізгі еңбек ақысы (125 000 тг);

$I_{б.э.с}$  - бірыңғай әлеуметтік салық (10 657,5 тг)

$I_{т.д}$  - тәуекел дәрежесіне байланысты әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар еңбекақы сомасынан 1%.

Басқа шығындар  $I_{б.ш}$  мына формуламен анықталады:

$$I_{б.ш} = 0,05 \cdot (I_a + I_э + I_{қ} + I_{ж.ж}); \quad (5.13)$$

Сонда:

$$\begin{aligned} I_{б.ш} &= 0,05 \cdot (30\ 423,75 + 252\ 021,064 + 10\ 000 + 123\ 294,3) \\ &= 20\ 786,95 \text{ тг.} \end{aligned}$$

Эксплатационды шығындардың қосындысы:

$$\begin{aligned} I &= 30\ 423,75 + 252\ 021,064 + 123\ 294,3 + 112\ 500 + 10\ 657,5 \\ &+ 20\ 786,95 = 549\ 683,56 \text{ тг.} \end{aligned}$$

5.3 – кесте Шығындар сметасы

№	Шығын көздері	Шығын суммасы, тг
1	Амортизациялық аударым	30 423,75
2	Электр энергиясының шығының құны	252 021,064
3	Электр құрылғыларының жөндеу жұмыстарының құны	123 294,3
4	Басқа шығындар	20 786,95
5	Еңбек ақы шығындары	112 500
6	Әлеуметтік салық	10 657,5
Барлығы		549 683,56

**5.2 Капиталдық салымдар мен материалдық шығындарды есептеу (Есептік нұсқа)**

5.4 кесте - Капиталдық салымдарды есептеу

Қолданылатын құралдардың атауы:	Бір тауарға кететін баға, тг	Монтаждық және іске қосу салымдары, тг	Тасымалдауға Кететін шығын, тг	Құрылыс жұмыстарының капиталдық салымдары
1. Электр қозғалтқыш	285 460	34 255,2	6 394,304	3 425,52
2. Статордың болатына арналған материалдар	390 35	4 684,2	874,384	468,42
3. Ротордың болатына арналған материалдар	23 726	2 847,12	531,462	284,712
4. Ротордың білігіне керекті материалдар	6 920	830,4	155,008	83,04
5. Станина мен подшипникті қалқандарға арналған материалдар:	29 685	3 526,2	664,224	352,62
6. Конструкциялық материалдар	7 585	910,2	169,904	91,02
7. Ротордың тұйықталған сақиналарына арналған материалдар:	6 900	828	154,56	82,8
Барлығы	399 311	47 881,32	8 943,846	4 788,132

Капиталдық салымдардың жалпы сомасы келесі формула бойынша есептелінеді:

$$K_{\text{жалпы}} = K_{\text{қ.ж}} + K_{\text{ж.с}} + K_{\text{м}} + K_{\text{б.с}}; \quad (5.14)$$

мұндағы:  $K_{\text{ж.с}}$  – жабдықты сатып алуға жұмсалатын капиталдық салымдар;

$K_{\text{қ.ж}}$  – құрылыс жұмыстарының капиталдық салымдары;

$K_{\text{м}}$  – монтаждық және іске қосу-жөндеу жұмыстарының капиталдық салымдары;

$K_{\text{б.с}}$  – басқа капиталдық салымдар (ең алдымен, тасымалдауға кеткен шығындарды құрайды).

Қозғалтқыштың сатып алу құны:  $K_{\text{ж.с}} = 285\,460$  тг;

Монтаждық және іске қосу-жөндеу жұмыстарының құны базалық нұсқа үшін сатып алу құнының 12% мөлшерінде қабылданады.

$$K_{\text{м}} = 0,12 \cdot K_{\text{ж.с}} = 0,12 \cdot 285\,460 = 34\,255,2 \text{ тг}; \quad (5.15)$$

Тасымалдауға кететін шығын:

Тасымалдауға кететін шығын электр қозғалтқыш құнының және базалық нұсқа үшін монтаждау жұмыстарының құнының 2% - ын құрайды:

$$\begin{aligned} K_{\text{б.с}} &= 0,02 \cdot (K_{\text{ж.с}} + K_{\text{м}}) = 0,02 \cdot (285\,460 + 34\,255,2) \\ &= 6\,394,304 \text{ тг}; \end{aligned} \quad (5.16)$$

Монтаждық ұйымның құрылыс жұмыстарының капиталдық салымдары базалық нұсқа үшін монтаждық жұмыстар құнының 10% - ын құрайды:

$$K_{\text{қ.ж}} = 0,1 \cdot 34\,255,2 = 3\,425,52 \text{ тг};$$

$$K_{\text{жалпы}} = 399\,311 + 47\,881,32 + 8\,943,846 + 4\,788,132 = 460\,924,29 \text{ тг}.$$

Эксплуатационды шығындар келесідей есептелінеді:

$$И = И_{\text{а}} + И_{\text{э}} + И_{\text{ж.ж}} + И_{\text{е.а}} + И_{\text{б.ш}} + И_{\text{б.э.с}}; \quad (5.18)$$

мұндағы:  $И_{\text{а}}$  - амортизациалық аударымдар (сала үшін амортизациялық аударымдар нормасы 5-10%);

$И_{\text{э}}$  – өндірістік қажеттіліктер үшін электр энергиясы шығындарының құны;

$И_{\text{ж.ж}}$  – электр құрылғыларының жөндеу жұмыстарының құны;

$И_{\text{е.а}}$  - жалпы еңбекақы төлеу қоры;

$И_{\text{б.ш}}$  – басқа эксплуатациялық шығындар

$I_{б.э.с}$  – зейнетақы жарнасын жинақтаушы зейнетақы қорына аудару арасындағы айырмасының 9,5% құрайтын бірыңғай әлеуметтік салық. Амортизациялық аударымды  $I_a$  келесі формула бойынша табылады:

$$I_a = \frac{H \cdot \Phi}{100} = \frac{285\,460 \cdot 9,5}{100} = 27\,118,7 \text{ тг.} \quad (5.18)$$

мұндағы:  $H$  – орташа жылдық норма амортизациясы (9,5%);  
 $\Phi$  – қондырғының бастапқы бағасы, (285 460 тг).

$I_{ин}$  электр энергиясының шығынының құны мына формуламен анықталады:

$$I_э = \Delta A \cdot W; \quad (5.19)$$

мұндағы:  $\Delta A$  – электр энергиясының жылдық шығыны;  
 $W$  – 1 кВт/сағ энергия тарифы – 17,81 тг;  
 Жылдық шығын келесі формула бойынша анықталады:

$$\Delta A = P_2 \cdot \frac{1 - \eta}{\eta} \cdot K_{ж} \cdot T = 40 \cdot \frac{1 - 0,92}{0,92} \cdot 0,8 \cdot 5000 = 13\,913,04 \frac{\text{кВт}}{\text{сағ}}; \quad (5.20)$$

$P_2$  – электр қозғалтқышының номиналды қуаты – 40 кВт;  
 $\eta$  – электр қозғалтқышының П.Ә.К – 0,92;  
 $K_{ж}$  – қуат бойынша жүктеме коэффициенті – 0,8;  
 $T$  – қолданыстағы қор жұмыс уақыты – 5000 сағ.

$$I_э = 13913,55 \cdot 17,81 = 247\,800,32 \text{ тг.}$$

Қызмет көрсетуші қызметкерлердің еңбекақысы және әлеуметтік салықтарды төлеу.

Қызметкерлердің негізгі еңбек ақысы:  $I_{е.а}=125\,000$ ;  
 Зейнетақы қорына бөлінгеннен кейінгі еңбек ақы:

$$I_{з.қ.б} = I_{в.а} - 10\% \cdot I_{в.а} = 125\,000 - 10\% \cdot 125\,000 = 112\,500 \text{ тг.} \quad (5.21)$$

Әлеуметтік салыққа бөлінген:

$$I_{б.э.с} = 9,5\% \cdot I_{з.қ.б} = 9,5\% \cdot 112\,500 = 10\,687,5 \text{ тг.} \quad (5.22)$$

Электр жабдықтарын жөндеуге арналған шығындар, қосалқы бөлшектер, материалдар құны:

$$I_{қ} = 9000 \text{ тг.} \quad (5.23)$$

$I_{жж}$  электр құрылғыларын жөндеу жұмыстар құны:

Электр құрылғыларының жөндеу жұмыстарының құны  $I_{жж}$  қызмет көрсететін персоналдың жалақысына, әлеуметтік қорларға аударымдар аударымдарға байланысты:

$$I_{жж} = I_{е.а} + I_{б.ә.с} + I_{т.д} = 112\,500 + 10\,687,5 + 106,8 = 123\,294,3 \text{ тг.} \quad (5.24)$$

Мұндағы:  $I_{е.а}$  – қызметкерлердің жылдық еңбек ақысы (125 000 тг);  
 $I_{б.ә.с}$  - бірыңғай әлеуметтік салық жалақы сомасынан (10 687,5 тг)

$I_{т.д}$  - тәуекел дәрежесіне байланысты әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар жалақы сомасынан 1%.

Басқа шығындар  $I_{б.ш}$  мына формуламен анықталады:

$$I_{б.ш} = 0,05 \cdot (I_a + I_э + I_к + I_{жж}); \quad (5.25)$$

Сонда:

$$I_{б.ш} = 0,05 \cdot (27\,118,7 + 247\,800,32 + 9000 + 123\,294,3) = 20\,360,66 \text{ тг.}$$

Эксплатационды шығындардың қосындысы:

$$I = 27\,118,7 + 247\,800,32 + 20\,360,66 + 112\,500 + 10\,687,5 + 123\,294,3 = 541\,761,48 \text{ тг.}$$

### 5.5 – кесте Шығындар сметасы

Шығын көздері	Шығын суммасы, тг
1. Амортизациондық аударым	22 118,7
2. Электр энергиясының шығының құны	247 800,32
3. Электр құрылғыларының жөндеу жұмыстарының құны	123 2964,3
4. Еңбек ақы шығындары	125 000
5. Әлеуметтік салық	10 687,5
5. Басқа шығындар	20 360,66
Барлығы	541 761,48

### 5.3 Жобаның экономикалық тиімділігіне есептеу

Екі нұсқаны салыстыру үшін минимум келтірілген шығындар әдісі қолданылады.

Келтірілген шығындар мынадан тұрады:

$$КШ = С + E_H \cdot K, \quad (5.26)$$

мұндағы:  $C$  – эксплуатационды шығындардың қосындысы (теңге);  
 $K$  – капиталды салым;  
 $E_H$  – капиталды салымдардың экономикалық тиімділігін салыстыратын нормативті коэффициент ( $E_H = 0,15$ ).

$$КШ_6 = 549\,683,56 + 0,15 \cdot 533\,436,564 = 629\,699,04 \text{ тг};$$

$$КШ_e = 541\,761,48 + 0,15 \cdot 460\,924,29 = 610\,900,12 \text{ тг}.$$

Экономикалық тиімділігі екі нұсқаны салыстыру жолымен анықталады: бастапқы және жобаланатын нұсқа:

$$\Delta = КШ_6 - КШ_e = 629\,699,04 - 610\,900,12 = 18\,798,92 \text{ тг}. \quad (5.27)$$

мұндағы:  $КШ_6$  – базалық нұсқа бойынша келтірілген шығындар, теңге;  
 $КШ_e$  – есептік нұсқасы бойынша келтірілген шығындар, теңге.

Есептеулерді салыстыра отыра есептік нұсқаның тиімділігі көрінеді.  
 Есептік нұсқадағы экономикалық тиімділік тең:

$$\Delta = \Delta U + 0,15 \cdot \Delta K; \quad (5.28)$$

$$\begin{aligned} \Delta &= (549\,683,56 - 541\,761,48) + 0,15 \cdot (533\,436,564 - 460\,924,29) \\ &= 7\,922,08 + 0,15 \cdot 72\,512,2 = 18\,798,91 \text{ тг}. \end{aligned}$$

Ұсынылатын нұсқаның тиімділігін өзін-өзі ақтау мерзімін және салыстырмалы экономикалық тиімділік коэффициентін есептеу арқылы анықтауға болады, ол формулалар бойынша анықталады:

$$T = \frac{K_6 - K_e}{I_6 - I_e} = \frac{533\,436,564 - 460\,924,29}{549\,683,56 - 541\,761,48} = 9,1. \quad (5.29)$$

мұндағы:  $K_6$  және  $K_e$  – базалық және есептік қозғалтқыштың капиталдық салымдары;

$I_6$  және  $I_e$  – эксплуатационды шығындардың қосындысы.  
 Салыстырмалы экономикалық тиімділік:

$$E = \frac{I_6 - I_e}{K_6 - K_e} = \frac{549\,683,56 - 541\,761,48}{533\,436,564 - 541\,761,48} = 0,1; \quad (5.30)$$

$E_H = 0,15$  - тиімділіктің нормативтік коэффициенті;  
 $T_H = 9,1$  - өтімділіктің нормативтік мерзімі.



Алынған коэффициентінің тиімділігі мен өтелу мерзімін салыстырылады нормативтермен және егер шарттары орындалса,  $E \geq E_n$ ,  $0,1 \geq 0,15$ ;  $T \leq T_n$ ,  $9,1 \leq 2,5$  болса, онда енгізу ұсынылып отырған жүйенің экономикалық тиімді.

## Қорытынды

Бұл дипломдық жұмыста келтірілген есептеулер және қабылданған шешімдер екі жылдамдықты АҚ техникалық тапсырманың талаптарын қанағаттандырады және белгілі отандық аналогтар деңгейінде болатынын көрсетті.

Нақты, үлкен айналу жиілігінің негізгі энергетикалық көрсеткіштері келесідей:

ПӘК-0,875;

Қуат коэффициенті-0,86.

Салыстыру үшін, есептелген мәндерге ең жақын келетін 4A112M2Y3 түріндегі 4А сериялы асинхронды қозғалтқыштың өлшемдері: ПӘК = 0,875;  $\cos \varphi = 0,88$ . Осылайша, тек қуат коэффициенті шамалы нашарлады.

Жобаланған қозғалтқыштың іске қосу көрсеткіштері жоғарыда көрсетілген аналогпен салыстырғанда: іске қосу тогының еселігі 7,97 қарсы 7,5, іске қосу моментінің еселігі 2,61 қарсы 1,6 (айтарлықтай ұлғайды). Жүктеме қабілеті, максималды моменттің жиілігі 3,6 қарсы 2,2 (айтарлықтай өсті).

Бұл жерде, негізінен корпус, подшипник қалқандары және т. б. сияқты құрылымдық бөлшектерде алюминий қорытпаларына өту есебінен салмағы азырақ төмендеді.

Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде жұмысым асинхронды қозғалтқыш болғандықтан, еңбек қауіпсіздігіне байланысты электр қозғалтқыштың артық жүктелуі бойынша түсініктеме жасалды, ғимараттағы өрт қауіпсіздігі, өндірістегі қозғалтқыштарды ережеге сай жерге қорғаныс тұйықтау, электр қозғалтқыштың шу деңгейін бағалау және есептеу, шуға қарсы қолдану жабдықтарын талдадым.

Экономикалық бөлімде технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеу екі асинхронды қозғалтқыштардың техникалық деректерін салыстырмалы талдау негізінде жүзеге асырылды.

## Әдебиеттер

- 1 Копылов И.П. Проектирование электрических машин. – М.: ЮРАЙТ, 2011. – 767с.
- 2 Копылов И.П. Проектирование электрических машин. – М.: Высшая школа, 2002. – 757с
- 3 Г.К.Жерве «Обмотки электрических машин».
- 4 И.Г. Шубов «Шум и вибрация электрических машин»
- 5 Костромин В.Г. «Технология производства асинхронных двигателей», Энергоиздат, М, 1984 г.
- 6 Котеленец Н.Ф., Кузнецов Н.Л. «Испытание и надежность электрических машин». Высшая школа, М, 1988 г.
- 7 Фионин В.И. «Проведение функционально-стоимостного анализа конструкций электрических изделий в курсовых работах и дипломных проектах», Куйбышев, 1989 г.
- 8 Ю.В.Копытов, Л.И.Вайнштейн, А.В.Михалков, П.В.Филимонов - Правила технической эксплуатации электроустановок потребителей и правила техники безопасности при эксплуатации электроустановок потребителей – М, «Атомиздат», 1971.
- 9 П.А.Долин – Основы техники безопасности в электроустановках – М, «Энергоиздат»,1984.
- 10 Түзелбаев Б.И. Сала экономикасы: оқу құралы - Алматы, 2007.
- 11 Хакімжанов Т.Е. Еңбек қорғау. Жоғары оқу орындары үшін оқу құралы. – Алматы: «ЭВЕРО», 2008 – 240 б.